



**«Қазақ тілі және әдебиет» пәнінің  
ОҚУ- ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**  
ЖГП 09 «Қазақ тілі және әдебиет»

Мамандығы 09110200 «Ортопедиялық стоматология»  
біліктілігі 4S09110103 «Тіс технигі»,  
мамандығы 09110100 «Стоматология»  
біліктілігі 4S09110102 «Дантист»,  
мамандығы 09130100 «Мейіргер ісі»  
біліктілігі 4S09130101 «Жалпы практикадағы мейіргер»,  
мамандығы 09140200 «Медициналық оптика»  
біліктілігі 4S09140201 «Медициналық оптик»,  
мамандығы 07140600 «Медицина техникаларын монтаждау, қызмет көрсету және жөндеу»  
біліктілігі 4S07140603 «Техник-электроншы»,  
мамандығы 09140200 «Медициналық оптика»,  
біліктілігі 4S09140202 «Оптикометрист»,  
мамандығы 09120100 «Емдеу ісі» біліктілігі 4S09120101 «Фельдшер»,  
мамандығы 09110100 Стоматология,  
біліктілігі 4S09110103 «Стоматолог-дәрігердің көмекшісі»,  
мамандығы 07140600 «Медициналық техниканы монтаждау, техникалық қызмет көрсету  
және жөндеу»  
біліктілігі 3W07140603 «Медициналық жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу  
электромеханигі»

Курс: 1

Семестр: 2

Бакылау түрі: Емтихан

Барлық сағаттардың/кредиттердің КЗ жалпы саны - 120/5

Аудиторлық -120



«Қазақ тілі және әдебиет» пәнінің оқу- жұмыс бағдарламасын оқытушы Рузденова Акима Сапаровна \_\_\_\_\_ кұрастырды.

Мамандықтардың типтік оқу бағдарламасына негізделген:  
Мамандық 09110100 «Стоматология» біліктілігі 4S09110102 «Дантист», мамандық 09110200 «Ортопедиялық стоматология», біліктілігі 4S09110103 «Тіс технигі», мамандық 09130100 «Мейіргер ісі», біліктілігі 4S09130101 «Жалпы практикадағы мейіргер», мамандық 09120100 «Емдеу ісі», біліктілігі 4S09120101 «Фельдшер», мамандық 09140200 «Медициналық оптика», біліктілігі 4S09140201 «Оптик-медициналық», мамандық 07140600 «Медицина техникаларын монтаждауқызмет көрсету және жөндеу», біліктілігі 4S07140603 «Техник - электроншы», мамандық 09140200 «Медициналық оптика», біліктілігі 4S09140202 «Оптикометрист»

«Қазақ тілі және әдебиет» пәнінің оқу-жұмыс бағдарламасы «Жалпы білім беру, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер» бойынша циклдік әдістемелік комиссияның отырысында талқыланып бекітілуге ұсынылды.

хаттама № 8 «19» 01 \_\_\_\_\_ 2022 ж

ЦӘК төрайымы / Бөлім басшысы \_\_\_\_\_ Асжанова М.А.

Оқу бөлімінің әдіскерімен қарастырылды \_\_\_\_\_ Кембаева Г.О.

Әдістемелік кеңестің отырысында бекітілді

хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж

Әдістемелік кеңес төрайымы \_\_\_\_\_ Жантелиева Л.О.

Жұмыс бағдарламасы келесі мазмұнды қамтиды:

### 1.1 Кіріспе

Қазақ тілі және әдебиет пәні бағдарламасының басты бағыты – студенттердің ақыл - ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік - эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Сонымен қатар, студент ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби - теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған.

Теориялық материалдар студенттің қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой - өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

Қазақ тілі және әдебиет пәнін оқу арқылы студенттер:

Қазақ тілі және әдебиет құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым - қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама - қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

### 1.2. Пәннің мақсаты:

- сан ғасырлық жолдан өткен көркем әдебиеттің озық үлгілерімен таныстыру;
- білім мазмұнын сұрыптауда ғылымилық, түсініктілік, жүйелілік, іс-әрекеттілік, пәнаралық байланыс, сабақтастық сияқты дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынып, студенттердің бейіндік ерекшеліктерін ескеру;
- бағдарламада ақын-жазушылар шығармашылығы хронологиялық сипатта ұсынылып, қайталанған шығармалардың орнына басқа ақын-жазушылардың шығармашылықтарымен таныстыру;

XIX – XX ғасырлардағы көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығы және тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің кейбір үлгілерін оқыту;

Тәуелсіздік кезеңіндегі шығармалар осы кезеңнің тарихи-әлеуметтік мазмұнының көрінісі ғана емес, халықтың әдеби қазынасы қызметін де қатар атқаратын туындылар ретінде қарастыру;

- қазақ әдебиеті арқылы білім алушылардың бойына туған жерге, елге, ана тіліне деген шексіз құрмет сезімін дарыту, интеллектуалдық әлеуеті жоғары дара тұлға тәрбиелеу;
- қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, әдебиеті мен салт – санасына деген құрмет пен ілтипат сезімдеріне баулу;
- қазақ әдебиеті арқылы білім алушылардың адамгершілік қасиеті мен рухани дүниесін байыту, оларды азаматтыққа, арлыққа, достыққа тәрбиелеу.

### 1.3. Пәннің міндеті:

- эпикалық, лирикалық, драмалық туындылардағы басты кейіпкер келбетін;
- көркем шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беруді үйрету;
- көркем шығарма мазмұнын әлем әдебиетінің үлгілерімен салыстыра талдай білуі;
- қазақ әдебиетінің әртүрлі даму кезеңдеріндегі көне әдебиет нұсқаларын және жалпы адами құндылықтарын салыстыру;
- жазушылар шығармаларындағы кейіпкерлерді талдай алуға;
- өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілетін қалыптастыруға үйрету; қазақ әдебиеті пәнін орыс және басқа да тілдермен салыстырып, саралап үйрету;
- ол ерекшеліктерді дұрыс қолдана білуге үйрету;
- күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әсіресе кәсіби ортада мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде қарым-қатынас жасай білуге дағдыландыру;
- мемлекеттік тілде іс- қағаздарын дұрыс әрі сауатты толтыруға дайындау;
- қазақ тіліндегі шағын шығармалар мен мақалаларды оқып-түсіне білуге баулу; аударма жасау дағдыларын меңгерту;
- сабақта халат, қалпақ, маска киіп отыру.

### 1.4. Оқытудың жоспарланған нәтижесі:

#### Студент білу керек:

- көркем шығармалардағы көтерілген маңызды проблемаларды білу;
- жекелеген тақырыптар бойынша өз ойларын айту, бағалай білу;
- бір тақырыпты оқу барысында әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындай алу;
- ақпараттарды ауызша және жазбаша түрде сабақтарда қолдану;
- өз әрекетін зерттей, сараптай білу;

#### Студент істей білу керек:

- шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне қалыптасу;
- әдебиет пәнінен көркем шығармалар арқылы білім стандартының талаптарына сай білімді меңгеру;

-шығармалар арқылы ой-жүйесін жинақтап, қорытындылап, өзінше ой-пікір айтуға, жүйелеп, көркемдеп сөйлеуге, шешендік дәстүрге үйрену;

#### Студенттің дағдысын қалыптастыруы:

- сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс айту, дастархан басында сөйлеу әдертілігі)

- өнер, мәдениет, әдебиет туралы айта білу, жиын, жиналыста сөйлей білу, ҚР халықаралық қарым-қатынасы туралы айта білу.

**1.5. Пререквизиттері:** (оқытылатын пәнді меңгеруге қажетті білім, іскерлік, дағдыларды құрайтын пәндер)- қазақ тілі, орыс тілі, әлеуметтік-экономикалық пәндер.

**1.6. Постреквизиттері:** (оқуға берілген пәнді меңгергеннен кейін алған білімі, іскерлігі, дағдылары талап етілетін пәндер;-) жалпы кәсіптік және арнайы пәндер.

**1.7. Тақырыптық жоспар:**

Модульді оқу жоспарын кесте түрінде жасау ұсынылады, онда тақырыптың атауы, оқытуды ұйымдастыру формасы және белгілі бір тақырыпты оқып-үйренуге бөлінген сағат саны, сонымен бірге қысқаша мазмұны көрсетілген тақырыптардың (игеру табысты кәсіби қызмет үшін белгілі бір құзыреттіліктер алуға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар).

**1.7.3. Аудиториялық сабақтардың тақырыптық жоспары**

№	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
<b>1 - кредит</b>			
<b>Еңбек нарығы және сұраныс. Отандық өнеркәсіп өнімі. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.</b>			
1	Еңбек нарығы. Оңаша және ортақ тәуелдеу. Кәсіпкерлік – табыс көзі. Кәсіпкерлік – шеберлік.	Еңбек нарығы және сұраныс. Еңбек нарығының экономиканы көтерудегі тиімділігі. Еңбек нарығының артықшылықтары. Еңбек нарығының жағымды, жағымсыз жақтары. Еңбек нарығының ерекшелігі. Оңаша және ортақ тәуелдеу туралы түсінік. Тәуелдік жалғаулары. Оңаша тәуелдеу мен ортақ тәуелдеу арасындағы айырмашылық. Кәсіпкерлік – табыс көзі. Кәсіпкер – іскер маман. Кәсіпкерліктің негізгі мақсаты. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы. Кәсіп пен мамандық: айырмашылықтары мен ұқсастықтары. Кәсіпкерге қойылатын талаптар. Бизнес-жоспар.	2
2	Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы	Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Балғабек Қыдырбекұлының шығармашылығы	2
3	Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім	Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім. Отандық өнімдерге деген сұраныс. Экологиялық таза тағамдар. Қазақстандық тауарларды брендке айналдыру.	2
4	Қарағанды – кеншілер қаласы. Ғабиден Мұстафин.	Қарағанды – кеншілер қаласы. Ғ. Мұстафин – қазақтың әйгілі жазушысы. «Қарағанды» романынан үзінді. Қарағанды қаласы. Қарағанды – көмірдің Отаны. Қарағандыдан шығатын отандық өнімдер. Мәтіндегі әлеуметтік-қоғамдық мәселе. «Қарағанды» романының	2

		кейіпкерлері. «Қарағанды» романының құндылығы. Қарағанды: кеше және бүгін	
5	Отандық өнімді пайдаланамыз. Орталық Қазақстан – кенді аймақ.	Отандық өнімдер. Отандық өнімдерді экспорттау. Отандық өнімдердің сапасы, бағасы	2
6	«Қарағанды» романынан үзінді. Дауысы дәуірмен ұласқан	«Қарағанды» романының кейіпкерлері. «Қарағанды» романының құндылығы. Қарағанды: кеше және бүгін.	2
7	Қазақ киносының атасы. Қазақстанның мәдени өмірі.	Ұлттық кино өнері. «Қазақфильм» киностудиясы. Қазақ киносының атасы – Шәкен Айманов. Кино майталманының қасиеттері мен еңбектері, сомдаған рөлдері.	2
8	Дулат Исабеков «Әпке» шығармасы	Драматург – Дулат Исабеков. Дулат Исабековтің «Әпке» шығармасы. Шығарма кейіпкерлері. Адамзаттық проблема. Мінездеме, мінездеме түрлері. Жақсы, жаман қасиеттер. Мінездеме деректемесі.	2
9	Ұлттық экология бастаулары. Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер. Экология және кәсіби маман мәдениеті.	Қазақстан экологиясы. Экология мен табиғат құбылыстары. «Табиғат ана». Ұлттық экология бастаулары. Экожүйені қорғау.	2
10	Қадыр Мәрза Әлі – философ ақын. «Аралым...»	Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. «Аралым...». Қадыр Мырза Әлі ақынның өмір жолы мен шығармашылығы. Қадыр мырза Әлінің түйіндемесі. Ақын шығармаларының тақырыбы. «Қазақ осы» өлеңі.	2
11	Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі. Мұхит және экологиялық проблемалар	Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдіктер әлемі. Мұхит – тіршілік мекені. Мұхит және экологиялық проблемалар. Әлемдік мұхит – жердегі теңіздер мен мұхиттардың жиынтығы. Тынық мұхиты. Мұхит экологиясы.	2
12	Аралық бақылау №1. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті. Ұлттық экологиялық мәдениет.	Білімді бағалау	
<b>2 –кредит. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек. Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы.</b>			
13	Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Қан мен тер» романы.	Көрнекті жазушы - Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Қан мен тер» трилогиясы. Романдағы басты кейіпкерлер. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе.	2

14	Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!	Ұлттық мерекелер. Еліміздегі діни мерекелер. Діни мерекелердің айырмашылықтары мен ұқсастықтары. Рождество мерекесі. Рамазан айы. Айт мерекесі. Айтта айтылатын тілектер.	2
15	Жүсіпбек Аймауытов. «Әнші» әңгімесі	«Халық жауы» аталған қазақ қайраткерлері. Жүсіпбек Аймауытов – көрнекті жазушы, драматург. «Әнші» әңгімесі. «Әнші» әңгімесінің сюжеті. Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе.	2
16	Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі	Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі.	2
17	Ыбырай Алтынсарин. «Дүние қалай етсең, табылады?»	Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең, табылады?». Мақал – мәтелдер. Қазақ балалар әдебиетінің атасы – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсариннің Н.Ильминскийге хаты. Бай болудың пайдасы мен зияны. Бай болудың шарттары.	2
18	Радиоарналарды тыңдаймын. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары.	Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары. Қазақстандағы радиоарналар. Радионың басқа ақпарат құралдарынан артықшылығы. Радионың ерекшеліктері. Қазақ радиосы.	2
19	Қайнар Олжай. «Жер мен аспан арасындағы дастан».	Қайнар Олжай. «Жер мен аспан арасындағы дастан». Полиэтилен, целлофан, пакеттердің, пластик бұйымдардың зияны. Жер ғаламшарындағы қауіпті қалдықтар.	2
20	Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар.	Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар. Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі. Ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік. Әлеуметтік жіктелу – кез келген қоғамға тән құбылыс. Жоғары тап. Орта тап. Жұмысшы табы.	2
21	Думан Рамазан. «Соңғы дем» әңгімесі	Думан Рамазанның «Соңғы дем» әңгімесі. Әңгімедегі полигон зардаптары.	2
22	Нашақорлық – қоғамдық дерт. Темекі тарту – зиянды әдет. Саламатты өмір салтын ұстанамын.	Нашақорлық – қоғамдық дерт. Жастардың денсаулығы – қоғам байлығы. Салауатты өмір салтын ұстану. 26 маусым - Халықаралық нашақорлықпен күрес күні. «Біз есірткіге қарсымыз».	2
23	Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер.	Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер, журналист, ҚР жазушылар Одағының	2

	«Қара пима» поэмасы «Қара пима» – трагедиялық шығарма.	төрағасы. «Қара пима» поэмасы. Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе. Отбасы трагедиясы. Маскүнемдік.	
24	(Аралық бақылау №2) Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек. Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы.	Білімді бағалау	2
<b>3 -кредит Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы. Қоғам және заң. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі. Туризм</b>			
25	Бердібек Соқпақбаев. «Он алты жасар чемпион» (әңгіме).	Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев - казак балалар жазушысы. «Он алты жасар чемпион» (әңгіме).	2
26	Сандық технология. Сандық теңсіздік. Электронды үкімет.	Сандық технология. Электронды үкімет Ақпараттық технология. Ақпараттық технологияның түрлері. Сандық технология жетістіктері. Электронды үкімет. Қолжетімді қызметтер. ХХІ ғасыр – ақпараттық коммуникациялық технология ғасыры.	2
27	Мұхтар Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» концепциясы.	Мұхтар Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» концепциясы. Сандық технологияның рөлі. Интернет желісі. Интернет желісіндегі компьютер қызметтері. Онлайн қызметтер. Сандық теңсіздік. Сандық теңсіздік – мемлекеттің проблемасы. Компьютерлік, телекоммуникациялық технологияның дамуы. Ақпараттық теңсіздікті шешу. Әлеуметтік желі. Қазақтың атақты ақыны – Мұхтар Шаханов. Мұхтар Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» концепциясы. Өлеңде көтерілген адамзаттық проблема. Компьютер мен ғаламтордың пайдасы мен зияны. Компьютерлік ойындардың қатері.	2
28	«Тәртіпке бағынған ел құл болмайды». Тәртіпсіздік неден басталады? Құқықбұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды.	Қоғам және заң. Тәртіп – тәрбие бастауы. Заңды білу – заман талабы. Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Заңның басты мақсаттары. Құқықбұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды Құқықбұзушылықтың ең қауіпті түрі – қылмыс. Қылмыс – қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік. ҚР Конституциясы. ҚР	2



		Қылмыстық кодексі. Қылмыстық құқықтың функциялары. Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу. Сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.	
29	Ермек Өтетілеуұлы. Ата Заң	Ақын Ермек Өтетілеуұлының өмір жолы мен шығармашылығы. Балалар журналдары. Ақын Ермек Өтетілеуұлының еңбек жолы. «Ата заң» өлеңі. 30 тамыз – Ата заң күні. Заң адам құқығын қорғайды. Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе	2
30	Әлеуметтік мәселе туралы не білесің? Лексика-грамматикалық омонимдер. Отбасы – құндылық.	Әлеуметтік мәселе туралы не білесің? Әлеуметтану – жаңа ғылым саласы. Әлеуметтік мәселе туралы түсінік. Қазақстандағы әлеуметтік мәселелер. Қазақ тіліндегі омонимдердің мағыналары мен формаларына қарай жіктелуі. Лексика-грамматикалық омонимдер туралы түсінік. Отбасы – адамның әлеуметтенуінің ең маңызды тетігі. Отбасында бала тәрбиесінің маңызы. Бала тәрбиесінде қоғамдық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың маңызы.	2
31	Ерболат Әбікенұлы. «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі.	Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінің басты идеясы. «Әлеуметтік теңсіздік» жастардың баспана мәс.«Жігітті намыс өлтірер...» Бүгінгі күндегі пәтер жалдау мәселесі. Отбасы құндылығы. елесі.	2
32	Табиғатты аяла. «Жасыл ел» бағдарламасына. Мұнай – еліміздің шикізат байлығы.	Табиғи байлықтар. Адамзаттың табиғатқа тигізер әсері. Экологиялық ластану. Әр адамның табиғат алдындағы парызы. «Жасыл ел» бағдарламасы туралы түсінік. «Жасыл ел» бағдарламасының мақсаты. «Жасыл ел» бағдарламасының маңызы. Мұнай – еліміздің шикізат байлығы Қазақстандағы ең алғаш шыққан мұнайлы жер. Мұнайдан жасалатын өнімдер.	2
33	Гүлжауһар Сейітжан. «Қара алтыны халқымның...»	Гүлжауһар Сейітжанның «Маңғыстауым – гұмырымның арнасы» жинағы. «Қара алтыны халқымның...» өлеңі.	2
34	Екі тілді білген – екі адам. Қазақ тілі – қандай тіл?	Қостілділік – адамға берілетін үлкен мүмкіндік. Билингвистер - екі тілде еркін	2

	Шешендік сөз өнері	сөйлейтін адамдар. Қазақ тілі – түркі тілдер ішіндегі ең таза, әуезді, стильдік тармақтары сараланған, әлеуеті өте жоғары тіл. Шешендік сөз өнері Ақындық пен шешендік. Шешендік өнерге тән ерекшеліктер. Абайдың шешендік өнері.	
35	Ілияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы (үзінді).	Ілияс Жансүгіровтің өнер тақырыбындағы алғашқы шығармасы – «Күй» поэмасы. Поэманың сюжеті. Поэманың кейіпкері – Мольқбай шал.	2
36	(Аралық бақылау № 3 ) Қоғам және заң. Экология. Тіл. Өнер. Әдебиет.	Білімді бағалау	
<b>4-кредит. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі.</b>			
37	Жұмыс және табыс. Жұмыс табу – мәселе. Сан есім.	Жұмыс және табыс. Жұмыс табу – мәселе. Жұмыс – табыстың негізгі көзі. Ерлер мен әйелдердің мамандық айырмашылықтарының негізгі себептері. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі. Сан есім. Сан есімнің түрлері. Қазіргі нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстанның әлеуметтік құрылымы. Қоғамда өмір сүру деңгейінің жағдайы. Қоғамдағы кәсіпкерлер мен менеджерлердің табысы.	2
38	Ыбырай Алтынсарин. «Атымтай Жомарт» әңгімесі.	Қысқа әңгіме жанрының іргетасын қалаушы – Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұрасы. Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы.	2
39	Қазіргі заманның атымтайлары. Ұлы даланың жеті қыры.	Қазіргі заманның атымтайлары Меценаттық пен қайырымдылық дәстүрі.	2
40	Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана» (хикаят)	Құсбегілік – ұлттық өнер Аңшылық-саятшылық өнер. Бүркітшілер мектебі. Құсбегілер сайысы. Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана» (хикаят)	2
41	Қазақ театрының қайнары. Көсемше. Сахна – өмір айнасы.	Қазақ театрының тарихы. Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы. Көсемше. Көсемшенің жасалу жолдары. Сахна – өмір айнасы Театр – өмірдің айнасы. Театр қойылымының міндеті. Режиссер мамандығы. Театрдың негізгі тірегі.	2

42	Сәбит Оразбай. «Өмірдің өзі – театр» (үзінді)	Өнер тарланы – Сәбит Оразбай шығармашылығы. Өнер адамдарының өмір жолы. «Өмірдің өзі – театр» (үзінді)	2
43	Туризм тарихын білесің ба? Туризмнің түрі көп... Көсемше.	Қазақстандағы экотуризм саласының дамуы. Экотуризмнің ерекшелігі. Экотуризм нысандары. Ойталқы. Экстрималды (белсенді) туризм ерекшелігі. Белсенді туризм түрлері. Белсенді туризмнің маңызы.	2
44	Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы.	Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы. «Көкшетау» поэмасы. Поэмадағы табиғат суреттері.	2
45	Әкеге қарап ұл өсер... Үстеудің мағыналық түрлері. Асыл текті аналар.	Қазақ халқында ер баланың тәрбиесі. Ер бала тәрбиесі туралы айтылған мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер. Үстеу. Үстеудің мағыналық түрлері. Асыл текті аналар Қазақ халқында қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі. Джонна Кимблвуд ханымның зерттеуі.	2
46	Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы, 1-кітап. Қайтқанда.	Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, 1-кітап. Қайтқанда. Мұхтар Әуезов өмірі мен шығармашылығы. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы көтерілген мәселелер. Ақынның туып-өскен ортасы мен тәлім-тәрбиесі, әдеби мектебі.	2
47	Ел болашағы. Шылаулар және мағыналық түрлері.	Ел болашағы – жастар. Қоғам қайраткері Ғани Мұратбаевтың жастар туралы ойы. Шылау. Шылаулар және мағыналық түрлері.	2
48	Аралық бақылау № 4. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі. Ұлттық театр – өнер	білімді бағалау	2
<b>5-кредит. Жастар мәселесінің түйіпкілдері. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты.</b>			
49	Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы, 2-кітап. Тайғакта.	Мұхтар Әуезов.«Абай жолы» роман-эпопеясы, 2-кітап. Тайғакта. «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы айтылған пікірлер. Біржан сал Абай ауылында. Абай және өнерлі жастар.	2
50	«Жаһандық миграция» деген не?. Иммиграция – үздіксіз процесс.	«Жаһандық миграция» деген не? Жаһандық миграция туралы түсінік. Миграциялық қозғалыстар. Миграцияның түрлері. Демография.	2
51	Мұхтар Әуезов. «Абай жолы»	Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» (романнан	2

	(романнан үзінді), 3-кітап	үзінді), 3-кітап. Әке мен баланың қауышуы. Абай мен Әбіштің бейнесі, ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері.	
52	Толеранттылық – бейбітшілік кепілі. Оқшау сөздер.	Толеранттылық – бейбітшілік кепілі. Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер. Толеранттылық – рухани құндылық. Оқшау сөздер.	2
53	Қабдеш Жұмаділов – қаламгер. «Қаздар қайтып барады» повесі.	Қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің әдеби қызметі. Жазушының тарихи тақырыпта жазылған прозалық шығармалары. «Қаздар қайтып барады» повесінің тақырыбы. Байтас қарттың туған жерге деген сағынышы. Туған жер – киелі де, қасиетті мекен.	2
54	Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болғым келеді. Отан қорғау – парызым	Ұлттық қауіпсіздік негізі – ұлттық мүдде. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі. Қазақстан – байқуатты мәңгілік ел. Халық Қаһарманы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың еңбек жолы. Білім – мемлекеттің қауіпсіздігі Білімді жастар – елдің болашағы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары.	2
55	Сайын Мұратбеков – шығармашыл тұлға. Сайын Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесі	Сайын Мұратбеков шығармашылығы. Ұлы Отан соғысы тақырыбында жазылған шығармалары. Сайын Мұратбековтың «Телі өскен ұл» повесінің тақырыбы. Шығармадағы Евдокия, Сергей, Сапар бейнесі.	2
56	Білім – мемлекеттің қауіпсіздігі	Білім – мемлекеттің қауіпсіздігі Білімді жастар – елдің болашағы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары.	2
57	Несіпбек Айтұлы. «Бәйтерек» поэмасы	Тыныштық – елге аманат Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі. ХХІ ғасырдың ең басты заңы – татулық. Несіпбек Айтұлы шығармашылығы. «Бәйтерек» поэмасы.	2
58	Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш Демалыс мәдениеті	Тыныштық – елге аманат Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі. ХХІ ғасырдың ең басты заңы – татулық. Несіпбек Айтұлы шығармашылығы. «Бәйтерек» поэмасы.	2

		Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Тайм-менеджмент – уақытынды дұрыс жоспарлау өнері. Айқындауыш. Айқындауыш түрлері. Демалыс мәдениеті Уақытты тиімді жоспарлау – табыстың кілті. Халықтық демалыс әдет-ғұрыптары.	
59	Аралық бақылау №5.(Ұлт мұраты – ұлттық қауіпсіздік.Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші.)	білімді бағалау	2
60	Емтихан	Қорытынды бақылау	2
Барлық сағат саны:			120 сағат

**1.8 Сабақ беру мен оқыту әдістері:** Шағын топтар, пікірталас, жұптық жұмыс, презентация және үйірме. үстелдер мен іскерлік ойындар және т.б.

**1.9. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:**

- Бақылау тапсырмалары (студенттердің бағдарламалық материалдың мазмұнын игеру деңгейін бағалау және анықтау мақсатында әзірлеу);
- Тестілеу (тест тапсырмалары бөлімдер, тақырыптар бойынша ұсынылған және қиындықтың негізгі үш деңгейіне ие (минималды, орташа және қиын);
- Үлестірме материалдар: билеттер, басқатырғыштар, ситуациялық тапсырмалар.

**1.10. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:**

- дәптер.
- CD / DVD / MP3 ойнатқышы.
- мультимедиялық проектор.
- кестелер, плакаттар мен суреттерді бекітуге арналған қондырғылар жиынтығы бар тақта.
- студенттердің шығармашылық жұмыстарын орналастыруға арналған стенд.
- орындықтар жиынтығымен бір орындық студенттік үстелдер

**1.10. Пайдаланылатын әдебиеттер:**

**1.10.1. Негізгі әдебиеттер:**

1. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
2. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>
3. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
4. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

**1.10.2. Қосымша әдебиеттер:**

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті»

жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
3. Т.Ермекова, К.Бертілеуова, Р.Мұнасаева. Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар. Арман-ПВ, 2019
4. Т.Ермекова, Н.Дүсіпова, Г. Тоқтыбаева. Қазақ тілі. Мұғалім кітабы. Арман-ПВ, 2019
5. З.Ерназарова, А.Бекетова, С.Кужакова. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық +Үнтаспа. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

#### **1.10.3 Интернет ресурстар:**

- Осы пәнді оқу процесінде студенттерге қойылатын жалпы талаптар.
- студенттер колледжде оқу ережелерін сақтауы тиіс: өткізбеу-электрондық пошта (e-mail);
- телеконференция;
- бейнеконференция;
- жеке ақпаратты жариялау, жеке бетті (немесе сайтты) құру және оны Web-серверде орналастыру мүмкіндігі;
- ақпараттық ресурстарға қол жеткізу;
- анықтамалық каталогтар;
- іздеу жүйелері;
- әр түрлі конкурстар мен олимпиадаларға қатысу;
- желіде сөйлесу (Chat).